

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, атқарымдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған және өндірілген бұйымдар құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз, бұйымды одан әрі пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


DEXP ST100 микрофон тіреуі жұмыс үстелінде немесе жазу үстелінде микрофонның қалпын орнатуға және реттеуге арналған.

Техникалық сипаттамалары


- Моделі: ST100.
- 360° бұру мүмкіндігі.
- Қосылу типі: USB.
- Кіріктірілген USB-B кабелі.
- USB-кабелінің ұзындығы: 2.9 м.
- Вибрацияны сіңіруге арналған «өрмекші» типті асқышы (диаметрі 95 мм).
- Микрофонның минималды диаметрі: 43 мм.
- Микрофонның максималды диаметрі: 49 мм.
- Бекітілуі: үстел үсті, қысқыш.
- Үстелдің максималды қалыңдығы: 48 мм.
- Максималды жүктеме: 900 граммға дейін.
- Өлшемдері: 417 x 114 x 39 мм.
- Тіреудің өлшемдері: 35 x 40 см (тігінен және көлденеңінен).
- Микрофондардың көп түрлерімен үйлесімділік.
- Жүйелік талаптар: USB-B жалғағышы бар USB-микрофон.
- Жиынтықтығы: реттелетін тіреу, «өрмекші» типті асқыш, 5/8 дюймдік [1.6 см] жалғастырғыш тетік, пайдаланушы нұсқаулығы.

Микрофон тіреуін орнату


1. Төменде келтірілген сұлбада көрсетілгендей микрофондық тіреуді бұрандама қысқыш көмегімен үстелдің үстіңгі тақтайына бекітіңіз. Үстелдің үстіңгі тақтайының қалыңдығы 48 мм-ден аспауы керек.
2. Тиісті бұраманы сағат тілімен бұрап, тіреу-пантографын қажетті бұрыш астында бекітіңіз.




3. Микрофон тіреуінің бекіту бұрандасына «өрмекші» типті асқышты бұраңыз, содан кейін микрофонды асқышқа орнатыңыз.



4. Қолданылатын микрофон осы құрылғының техникалық сипаттамалары блогында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.
- Микрофон корпусының минималды диаметрі: 43 мм.
 - Микрофон корпусының максималды диаметрі: 49 мм.



5. Кірістірілген кабельдің USB-B коннекторын микрофонның кіріс портына, ал екінші ұшын компьютердің USB портына жалғаңыз.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: СиЭмДжи Глобал Лимитед.

№66, Цзиньхуэй шығыс тас жолы, Инвестициялық-венчурлық орталық, Иньчжоу, Нинбо қ., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақтамасы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжай: www.dexp.club

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының маңызды тізімі:
<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.3

www.dexp.club